

«Бекітемін»  
«№3 Айналайын обекжай-бакшасы» МҚҚК  
Менгерушісі   
С.А.Амандыкова

# «Баланы тәрбиелеудегі маңызды жол»

## **Отбасындағы және балабақшадағы бала тәрбиесі.**

**Отбасы-** қогамның маңызды буыны . Коп ұлт мекен еткен мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағына келгенде кез-келген отбасы өзін қогамның бір бөлігі деп түсінеді. Қоғамда отбасы екі қызмет аткарады, оның бірі дүниеге ұрпак әкелу-екіншісі дүниеге келген сәбиді пәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде калыптастыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың орын ерекше.Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына қулақ ассақ « Бакытыңды басқадан емес ,баланнан ізде»-деген даналық сез бар.Кез келген адам өзі жете алмайтын «бақыт» деген күдіретті сездің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін.Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе,екінші біреу даңқ пен атактан, мансап пен қызметтөн іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сиякты нәрсе. Адамды нагыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы.....

**Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз-ата-ана.**Ата-ананың баламен жасайтын қарым-қатынасының ұлken тәрбиелік мәні бар. Мәдениетті отбасындағы ерлі -зайыпты кісілердің бір-біріне айтқан игі ниеті, кішіпейілдігі, отбасындағы туындаған мәселелерді ақылдаса отырып шешуі бала мінезіне жағымды асер етеді.

Бала тез еліктегіш, иланғыш болғандықтан жаман қылыштарды да тез үйренеді. Бала кішкентай кезінен әр нәрсеге әуестеніп, үлкендерге комектескісі келеді. Бұган кейбір ата-ана «жұмысымды бұлдіресін» деп ұрысып жіберуі мүмкін, бұл қате түсінік. Керінше өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай тұгызып, оның үйренуіне комектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырманың аяғына дейін орындалуына тәзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн.. Әр істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындаудың бағыт бересіз. Баланың жақсы істерін мадактап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырманы орындауға қарсылық білдірмейді.

Баланың айналасындағы бүкіл өмір шындығы-табигат, қогамық орта, ең алдымен адамдар, бәрінен бүрын **ата-аналар мен тәрбиешілер тәрбиелейді.**

**Тәрбиелеу дегеніміз-** балаға мақсат қойып, үйымшылдықпен және жүйелі ықпал жасау деген сез, осы ықпалдың арқасында бала тәрбиеші талап еткен мінезге ие болып, мінез-құлық ережелерін бойына сініреді. Тәрбие баланың

дene және ақыл -ой қабілетін дамытады, оны алдагы еңбекке даярлайды, сол бойынша қогамның болашақ белсенді қайраткерлері өсіп шығады.

### **Ата-анага мышадай кеңесті ұсынамын:**

Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болу керек; ол үшін таңертен баланы оятқанда жайлы, баппен оятыңыз; ол сіздін күлімдеп, мейіріммен оте жақсы көріп тұрғаныңызды сезуі керек.

-Балаға балабақшаға барап алдында сенімділік сәттілік тілеу керек.

-Бала балабақшадан келгенде бірден сұрактар қойып, қарсы алмау керек.

-Бала бірдене айтқысы келсе, қарсы болмай тындау керек.

-Бала ренжіп отырса, себебін өзі айтқанша асықпаныз.

-Балаңызға қатты дауыспен сойлеменіз, баланың жүйкесіне әсер етеді.

**Отбасы-** бала дамуы мен қалыпты өмір сұруіне тиімді жалғыз орын. Бала үшін туган отбасы-алтын діңгек. Отбасындағы жылулық пен мейірімді ештенемен алмастыру мүмкін емес. Отбасының бірлігі ұрпак тәрбиесінде ете қажет. Бұл- ете қымбат ұлттық құндылық.

«Жұмыла көтерген жүк женіл» демекші бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар мектепке дейінгі мекеме мен отбасы. Осы екі арада жүргізілетін тәлім-тәрбие сабактаса, ұштаса өткізілгенде ғана көзделген мақсат нәтижелі болары сөзсіз.

Біз XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа ғасырда өркенетті елдер қатарынан орын аламыз десек, жас ұрпагымызды дұрыс тәрбиелеуге, дұрыс білім беруге міндеттіміз.

Тәрбисінң сан қылы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдагы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші - тәрбиеші.